

№ исх: ДЗ-52 от: 23.02.2018

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы**



**Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

Астана, Парламент Мәжілісі

200__ жылғы “_____” _____
№ _____

Астана, Мажилис Парламента

«__» _____ 200__ года
№ _____

2018 жылғы 21 ақпанда жарияланды

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
Б.Ә. Сағынтаевқа**

Депутаттық сауал

Құрметті Бақытжан Әбдірұлы!

Мектепте білім берудің жаңа моделіне көшу тудырған білім беру саласындағы алаңдатарлық үрдістер депутаттық сауалғасебеп болды. Оның басты кемшілігі оқушыларда пәндік білім қалыптастыруында. Бұл БҒМ функционалдық сауаттылық туралы айтып отырған идея күмән туғызады дегенді білдіреді. Ата-аналардың өзі білім берудің жаңартылған бағдарламасы туралы: «балаларымыздың болашағы үшін қорқамыз!» – деп айтады.

Білімді бағалаудың жаңа жүйесі де мұғалімдер арасында шиеленіс туғызады, ол түсініксіз әрі тиімсіз. Ата-аналар, балалар, мұғалімдердің өзі де жаңа балдық жүйеде ештеңе түсінбейді. Тоқсан ішінде мектеп оқушысының бүкіл ағымдағы жұмысы бағаланбайды, ол бөлім мен тоқсан үшін суммативті бағалауға дайындалады. Бірақ ол қандай бағытта жұмыс істеу керек, оның қандай әлсіз жақтары бар екенін білмейді, өйткені, бағалаудың жаңа жүйесінде іс жүзінде мұғалім мен оқушы арасында кері байланыс көзделмеген. Бұл қазірдің өзінде оқыту сапасына кері әсер етуде. Сондықтан, кері байланысты оңтайландыру қажеттілігі айдан анық болып отыр. Әрбір оқушы жұмысының нәтижесін сабақ сайын тіркемей мұғалім өз жұмысын тиімді құра алмайды, балаға жеке көзқарас негізінде педагогикалық процеске түзету енгізе алмайды.

Қазіргі таңда қазақстандық мұғалім моральдық, материалдық, психологиялық, заңды тұрғыдан іс жүзінде ешбір түрде қорғалмаған. Кез келген оқушы мұғалімге өзін қорлады, күш қолданды және тіпті сексуалдық алымсақтық жасады деп кінә тағып, оған жала жаба алады. Кез келген оқушы шарасыздық пен психологиялық күйзеліске жеткен мұғалімді өз ұялы телефонының бейнекамерасына түсіріп ала алады, алайда, оқушылардың өздері педагогті осындай жағдайға жеткізетін кездер,

әдетте, камераға жазылмайды. Бәлкім, мұғалім осыған ұқсас жағдайларда өзін қорғай алатындай мектеп дәліздері мен сыныптарын бейнекамералармен жарақтандыратын кез келген шығар?

Сондай-ақ, БҒМ тұрақты түрде енгізіп отырған жағалықтарды ескере отырып, мұғалімдерге түсетін жүктеме геометриялық прогрессиямен артады. Ешқандай жалақыға үстемеақылар педагогтің орасан зор күш-жігерін өтемейді. Өздеріңіз білетіндей, Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың өз Жолдауында айтқан тапсырмасы бойынша қазақстандық мұғалімдерге жалақыға үстемеақы қосылды. Алайда, тіпті мұғалімдердің жоғарылатылған жалақысын артқан кәсіби жүктемемен салыстыруға келмейді. Мұғалімдердің еңбегіне ақы төлеу лайықты болды деп айту әзірше ерте. Білім беру жұмыскерлері жалақысының деңгейі бүгін елдегі ең төмен жалақылардың қатарында. Осының бәрі педагогтеріміздің біздің балаларымызды сапалы оқытуға деген ынтасының төмендеуіне әкеп соғады. Бүгін Қазақстанда 200 мыңға жуық педагог жетіспейді. Егер мұғалімнің мәртебесін арттыру және білім беру саласында тәртіп орнату жөнінде кешенді шаралар қабылданбаса, кадр тапшылығы барған сайын күшейе бермек.

Айтылған проблемалар жаңа болмағандықтан және педагогикалық қоғамдастық оларды жыл сайын көтеретіндіктен, БҒМ ең қысқа мерзімде қазақстандық мұғалімнің мәртебесін арттыруға мүмкіндік беретін іс-шараларды әзірлеп, іске асыруға тиіс.

Сонымен қатар, оқу сағаттарының санын қысқарту, кезең-кезеңімен жалақыны арттыру, жаңартылған білім беру бағдарламаларын қайта қарау, атышулы оқулықтардың мазмұнын түзету, мұғалімдердің заңды және психологиялық тұрғыдан қорғалуы үшін барлық жағдай жасау қажет.

Жауабын «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 27-бабының 4-тармағына сәйкес жазбаша нысанда беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен,

Қазақстан Республикасы

Парламенті Мәжілісінің

депутаттары

**Ш. Хахазов
Н. Жұмаділдаева
И. Смирнова
Ю. Тимошенко
Б.Хаменова
М. Чирков
П. Шарапаев**

Орын.: К. Жорабаев

Тел.: 746259

Оглашен 21 февраля 2018 года

**Премьер-министру
Республики Казахстан
Сагинтаеву Б.А.**

**Депутатский запрос
Уважаемый Бакытжан Абдирович!**

Поводом для депутатского запроса послужили настораживающие тенденции в сфере образования, вызванные переходом на новую модель школьного образования. Главным ее упущением является то, что она не формирует предметное знание у учащихся. А это значит, что декларируемая МОНом идея о функциональной грамотности весьма сомнительна. Сами родители отзываются об обновленной программе образования одной фразой: «нам страшно за будущее наших детей!».

Напряжение среди учителей вызывает также новая система оценки знаний, которая не понятна и неэффективна. Родители, дети, да и сами учителя ничего не могут понять в новой балльной системе. В течение четверти вся текущая работа школьника не оценивается, он готовится к суммативному оцениванию за раздел и за четверть. Но он не знает, в каком направлении двигаться, какие у него слабые стороны, потому что новая система оценивания фактически не предусматривает обратной связи между учителем и учеником. И это катастрофически сказывается на качестве обучения уже сейчас. Поэтому необходимость оптимизировать обратную связь просто очевидна. Без ежеурочной фиксации результатов работ каждого ученика учитель просто не может эффективно строить свою работу, корректировать педагогический процесс на основе индивидуального подхода к ребенку.

На сегодняшний день казахстанский учитель практически никак не защищен – морально, материально, психологически, юридически. Любой учащийся может оклеветать учителя, обвинив его в унижении, избиении и даже в сексуальных домогательствах. Каждый ученик может снять на видеокамеру своего смартфона доведенного до отчаяния и психологического срыва учителя, однако, как правило на камеру не записываются те моменты, когда сами ученики довели педагога до такого состояния. Может, уже настала пора оснастить школьные коридоры и классы видеокамерами, чтобы учитель мог защитить себя в подобных ситуациях?

Также с учетом постоянно вводимых МОНом новшеств нагрузка на учителей растет в геометрической прогрессии. И никакие надбавки к заработной плате не компенсируют колоссальных усилий педагога. Как известно, по поручению главы государства Нурсултана Абишевича Назарбаева, прозвучавшем в его Послании, казахстанским учителям сделали надбавку к заработной плате. Однако даже повышенная зарплата учителей несоизмерима с возросшей профессиональной нагрузкой и помимо всего этого бесконечной сдачей аттестаций, говорить, что

оплата труда учителей стала достойной, пока что рано. Уровень заработной платы работников образования сегодня находится в числе самых низких в стране. Помимо вышесказанного вся работа учителей сопровождается бумажной волокитой и бесконечными аттестациями.

Все это приводит к тому, что у наших педагогов пропадает мотивация для качественного обучения наших детей.

Сегодня в Казахстане не хватает порядка 200 тысяч педагогов. И если не принимая комплексных мер по повышению статуса учителя и наведению порядка в сфере образования, кадровый голод будет только усиливаться.

Поскольку озвученные проблемы не новы и поднимаются педагогическим сообществом из года в год, считаем, что МОН должен в самые сжатые сроки разработать и реализовать те мероприятия, которые позволят повысить статус казахстанского учителя.

Также необходимо сократить количество учебных часов, поэтапно повышать заработную плату, пересмотреть так называемые обновленные программы образования, исправить содержание скандальных учебников, создать все условия для юридической и психологической защищенности учителей.

Ответ просим дать в письменной форме в соответствии с пунктом 4 статьи 27 Конституционного Закона Республики Казахстан «О Парламенте Республики Казахстан и статусе его депутатов».

С уважением,
Депутаты
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан

Ш. Хахазов
Н. Жумадильдаева
И. Смирнова
Ю. Тимощенко
Б. Хаменова
М. Чирков
П. Шарапаев

*Исп.: Жорабаев К.
Тел.: 74-62-59*